
МАШИНОСТРОЕНИЕ
январь-июль 2026 г.

3 234,5 МЛРД ТГ.

122,0% ИФО



$ 1 282,2 МЛН



ЭКСПОРТ



РЫНОК


$ 13 542,7 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-май 2026 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-ИЮНЬ 2026 Г., МЛРД ТЕНГЕ



АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.qazindustry.gov.kz

2026 жылғы қаңтар-шілде айларындағы машина жасау саласы

2026 жылғы қаңтар-шілде айларында машина жасау өнімдерінің өндіріс көлемі құндық мәнде 3 234,5 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда НКИ 122%-ды құрады.

Сала секторлары бөлінісінде нақты көлем индексінің мынадай көрсеткіштеріне қол жеткізілді:

Компьютерлерді, электрондық және оптикалық жабдықтарды өндіру НКИ (154,2%);

Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату НКИ (132,3%);
Автомобильдерді, тіркемелерді және жартылай тіркемелерді өндіру НКИ (129,9%);

Электр жабдықтарын өндіру НКИ (118,7%);

Өзге де көлік құралдарын өндіру НКИ (107,5%);

Басқа топтамаларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтарды өндіру НКИ (101,6%).

2026 жылғы қаңтар-маусым айларында машина жасау өнімдерінің экспорты 2025 жылғы қаңтар-маусым айларымен салыстырғанда құндық мәнде 16%-ға төмендеп, 1 282,8 млн АҚШ долларын құрады.

Осы кезеңдегі негізгі экспорттық елдер: Ресей (49%), Өзбекстан (12%), Түрікменстан (7%).

2026 жылғы қаңтар-маусым айларында машина жасау өнімдерінің импорты 2025 жылғы қаңтар-маусым айларымен салыстырғанда құндық мәнде 6,7%-ға артып, 13 542,7 млн АҚШ долларын құрады. Импорт құрылымында негізгі үлесті смартфондар (4,4%), өзге де электр генераторлық қондырғылар (3,7%), жеңіл автомобильдерге арналған кузовтар (3,6%), тарту күші 25 кН-нан асатын турбореактивті қозғалтқыштар (2,8%), массасы 15 тоннадан асатын ұшақтар (2,8%) және басқа да өнімдер құрайды. Қазақстанға машина жасау өнімдерін негізгі жеткізуші елдер Қытай (45%), Ресей (11%) және АҚШ (7%) болды. Сала елдің солтүстік (Қостанай облысы, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары) және орталық (Астана қаласы, Қарағанды және Ақмола облыстары) өңірлерінде, сондай-ақ Алматы қаласында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді.